

**"Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 953 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 587 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 587 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 50-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жоспарлау";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Жалпы ережелер";

6-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдар үшін әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыру және бекіту үшін әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтерді ұсынады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу";

10-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдардың конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуын қоспағанда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жоспарланатын мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша қысқаша ақпарат) веб-порталда орналастыру арқылы жүзеге асырылады.";

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген іс-шаралар арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдарға қолданылмайды.";

1-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Конкурстық құжаттаманы әзірлеу, келісу және бекіту";

16-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар жеткізілетін, қызметтер көрсетілетін кемінде бес орын болғанда конкурс тәсілімен өткізілетін лотта тауар жеткізілетін, қызметтер көрсетілетін бірнеше орынды көрсетуге жол беріледі.";

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Конкурстық комиссияны, сарапшыны (сараптау комиссиясын) бекіту";

17-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Конкурстық комиссия құру және конкурстық комиссияның хатшысын айқындау, сараптау комиссиясын құру не сарапшыны айқындау туралы шешімді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысы немесе бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқаратын адам қабылдайды.";

3-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. Әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыру және бекіту";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы Қағидалардың 28-1, 28-2, 28-3, 28-4, 29-1-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің мекенжайына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтер пайдаланылмайтын, бірақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтер пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары белгіленген тәртіппен беретін, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыс істеуге рұқсаты болуға тиіс.

Тауарларды мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігі үшін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын іске асыру шеңберінде тапсырыс беруші "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сенімді бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімінен әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастырады.

Бұл ретте техникалық және функционалдық сипаттамаларға сәйкес келетін өнімді жеткізетін әлеуетті өнім берушілер болмаған не "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сенімді бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде олардың атына хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім беруші екеуден кем болғанда тапсырыс беруші осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастырады.";

28-1-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"28-1. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдарды қоспағанда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы жоспарланған мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды веб-порталда орналастырады. Хабарландыруда мынадай ақпарат қамтылады:";

28-3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"28-3. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдардың мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысын қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды өткізу басталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға олардың сәйкестігіне тексеру жүргізе отырып, өтінішхат бергендердің ішінен әлеуетті өнім берушілердің тізімін веб-порталда қалыптастырады.";

28-4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"28-4. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдардың мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысын қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің атына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.";

29-1-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"29-1. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдарды қоспағанда, хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімін ұйымдастырушы мыналарды ескере отырып қалыптастырады:";

30-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азық-түлік тауарларын және тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде конкурсқа қатысуға шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізімі отандық тауар өндірушілер және/немесе отандық кәсіпкерлер қатарынан қалыптастырылады.";

4-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы әлеуетті өнім берушілерді хабардар ету";

5-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-параграф. Әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың көшірмесін беру";

6-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-параграф. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру";

7-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдердің мазмұны және оларды ұсыну";

8-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету";

9-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу";

10-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурсқа қатысуға рұқсат беру";

69-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарайды және конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру не рұқсат беру туралы шешім қабылдайды.";

77-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай:

олар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйеде болмаған жағдайларда әлеуетті өнім берушінің рұқсаттарының (хабарламаларының), сондай-ақ сатып алынатын тауарларды өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және

өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының және басқа да құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынбауы;

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттарды (хабарламаларды) ұсынбауы;

[www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы ұсынбауы;

құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер қамтылатын құрылтай құжаттарынан (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы қамтылмаса) нотариат куәландырған үзіндісін не конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдың ішінде берілген акция ұстаушылардың тізілімінен белгіленген тәртіппен қол қойылған және куәландырылған үзіндінің түпнұсқасының ұсынылмауы;

тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) бар екендігі туралы ақпараттың болуы.

Ескертпе: әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығы осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, көрсетілген мәліметтерді ұсыну жолымен айқындалады;

үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтердің ұсынылмауы;

конкурстық құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі (бұл ретте шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілуге тиіс);

конкурстық өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дұрыс емес мәліметтердің ұсынылуы фактісінің белгіленуі;

оның банкроттық рәсіміне не таратуға жатуы;"

78-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай:

жеке куәліктің көшірмесін ұсынбауы (бұл ретте дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар болуы туралы ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған жағдайда [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтындағы "Электрондық сервис/салық төлеушілерді іздеу" қосымша парағынан алады);

жеке куәліктің (паспорт) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынбауы;

олар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйеде болмаған жағдайларда, әлеуетті өнім берушінің рұқсаттарының (хабарламаларының), сондай-ақ өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және сатып алынатын тауарларды өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының және басқа да құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынбауы;

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттарды (хабарламаларды) ұсынбауы;

тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) бар екендігі туралы ақпараттың болуы.

Ескертпе: әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығы осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, көрсетілген мәліметтерді ұсыну жолымен айқындалады;

үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбауы;

конкурстық құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі (бұл ретте шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілуге тиіс);

біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпараттың ұсынылуы фактісінің белгіленуі;

оның банкроттық рәсіміне не таратуға жатуы негіздері бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса,";

88-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді қайта қарау нәтижелері бойынша күнтізбелік 5 (бес) жұмыс күні ішінде:";

11-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-параграф. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру (конкурс)";

95-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) конкурстық комиссия:

конкурсқа қатысушылардың осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілімен жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып түсетін конкурстық баға ұсыныстарын қабылдамайды;

осы Қағидаларда белгіленген жағдайда демпингтік бағаны айқындайды және конкурсқа қатысушының демпингтік баға болып табылатын конкурстық баға ұсынысын қабылдамайды;

конкурсқа қатысушылардың бағаларын салыстырады және олардың ішінен ең төменгі баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындайды;

ең төмен баға ұсынысынан кейінгі баға негізінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні айқындайды;

әлеуетті өнім берушілердің ең төмен баға ұсыныстары тең болғанда қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен ерте келіп түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.";

12-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-параграф. Айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшеріне дейінгі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу";

13-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-параграф. Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі";

14-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-параграф. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздемелері";

15-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"15-параграф. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктері";

106-5 және 106-6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"106-5. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында қарайды.

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттама осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға бар болған жағдайда сараптамалық қорытынды не сарапшының (сараптама комиссиясы мүшесінің) ерекше пікірі қоса берілуі мүмкін.

Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда мұндай әлеуетті өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап кемінде 7 (жеті) жұмыс күні болуға тиіс алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген мерзімде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Ұйымдастырушы алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру қажеттігі туралы хабардар етеді.

Әлеуетті өнім берушілер алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойғаннан бастап кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға сәйкес келтірілген конкурстық өтінімдерді беттері нөмірленген, тігілген түрде ұсынады. Конкурстық өтінімнің соңғы беті қолмен және мөрмен (егер ол болса) куәландырылады.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған тиісті түрде ресімделген конверттерді қабылдайды және мәліметтерді конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді.

Мынадай:

- 1) Заңның 6-бабының талаптарын бұзған;
- 2) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша анық ақпарат ұсынбаған;
- 3) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не оны осы Қағидаларда белгіленген мөлшерде енгізбеген әлеуетті өнім берушілерге



конкурса қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді.

Конкурстық комиссия конкурса қатысуға өтінімдерді қайта қарау нәтижелері бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурса қатысушылар деп таниды;

2) өлшемшарттар бойынша есептеу нәтижесінде конкурса қатысушылардың жинаған балдарының санын, оның ішінде конкурса қатысуға бір өтінім ұсынылған кезде бағалайды және салыстырады;

3) ең көп балл жинаған конкурс жеңімпазын айқындайды;

4) екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні ең көп балл санынан кейінгі балдар негізінде айқындайды.

106-6. Конкурстық комиссия Қарулы Күштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысуға өтінімдерді конкурса қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қарайды.

Конкурстық комиссия конкурса қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурса қатысушылар деп таниды;

2) өлшемшарттар бойынша есептеу нәтижесінде конкурса қатысушылардың жинаған балдарының санын, оның ішінде конкурса қатысуға бір өтінім ұсынылған кезде бағалайды және салыстырады;

3) ең көп балл жинаған конкурс жеңімпазын айқындайды;

4) екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні ең көп балл санынан кейінгі балдар негізінде айқындайды.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт";

1-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу";

118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"118. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындысы шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес үлгі шарт бойынша жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасының екі данасын өнім берушіге жібереді, оған тапсырыс беруші қол қоюға және тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі әр парағын дәйектеуге тиіс.

Өнім берушіні таңдау рәсімдері, оның ішінде мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары шеңберінде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындыларына шағым жасау рәсімдері тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілгенге дейін аяқталған жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы жеңімпазға тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау";

көрсетілген Қағидаларға 1-1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметтерді көрсетуге) келісім білдіру нысаны болып табылады.

Конкурсқа қатысу өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге сәйкес келуі қажет.";

12-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі:

құқық қабілеттілікті (заңды тұлғалар үшін) растайтын нотариат куәландырған құжаттар, жеке куәліктің көшірмесі (жеке тұлға үшін) (бұл ретте дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар болуы жөніндегі ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған кезде [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтындағы "Электрондық сервис/салық төлеушілерді іздеу" қосымша парағынан алады);

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттар (хабарламалар) (мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде болмағанда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес

алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады);

сатып алынатын тауарларды өндіру, өңдеу, жеткізу және өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының, басқа құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;

www.egov.kz. "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

әлеуетті өнім беруші төлем қабілеттілігі туралы біліктілік талабына сәйкестігін шарттың орындалуын қамтамасыз етуді кепілді ақшалай жарна немесе Қазақстан Республикасының бір не бірнеше резидент банктерінің банк кепілдігі немесе өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты түрінде беру арқылы растайды;

әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге береді;

осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға арналған біліктілігі туралы мәліметтер;

егер әлеуетті өнім беруші жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларды) тартуды көздесе, онда әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады;

осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаға сәйкес конкурста сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері.

Ескертпе: жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері жиынтығында орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Осы талап Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес операторлар болып белгіленген заңды тұлғалармен Заңның 39-бабы 3-тармағының 36) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалған жағдайларда қолданылмайды.

Бұл ретте қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау не

қызметтерді көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруіне тыйым салынады;"

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Конкурса қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурса қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін конкурса қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда сұратады;

2) конкурса қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратады.

Конкурстық комиссияның конкурса қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұратулары мен өзге де әрекеттеріне жол берілмейді. Конкурса қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру деп конкурстық комиссияның конкурса қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыруға, конкурса қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған әрекеттері түсініледі.

Егер конкурса қатысуға өтінімде ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық комиссия оны конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп қарайды.

Әлеуетті өнім берушілердің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы талаптардың сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия мемлекеттік кірістер саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсындағы ақпаратты қарайды.

Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық рәсіміне қатысы жоқтығы және (немесе) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болмауы бөлігінде және борышкерлердің тиісті тізіліміне енгізілмеген біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.";

көрсетілген Қағидаларға 2-1-қосымшаның 12-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуетті өнім беруші өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі:

құқық қабілеттілігін растайтын нотариат куәландырған құжаттар (заңды тұлғалар үшін), жеке куәліктің көшірмесі (жеке тұлға үшін) (бұл ретте дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар екені туралы ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған кезде [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтындағы "Электрондық сервистер/салық төлеушілерді іздеу" бөлімінен алады);

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттар (хабарламалар) (мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде болмағанда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады);

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесі;

сатып алынатын тауарларды өндіру, өңдеу, жеткізу және өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының, басқа құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;

[www.egov.kz](http://www.egov.kz). "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен бірге өткізілетін мемлекеттік сатып алу сомасының жүз пайызына тең мөлшерде Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше резидент банктерінің банк кепілдіктері түрінде шартты орындауды қамтамасыз етуді беру арқылы төлем қабілеттілігі туралы жалпы біліктілік талабына сәйкестігін растайды;

мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге береді;

үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтер";

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 14-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 953 қаулысына  
1-қосымша  
Ерекше тәртіпті  
қолдана отырып, мемлекеттік  
сатып алуды жүзеге  
асыру қағидаларына  
1-1-қосымша

### Әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхат

\_\_\_\_\_ мемлекеттік сатып алу конкурсы

(толық атауын көрсету керек)

Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/ \_\_\_\_\_

(бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы, байланыс деректері \_\_\_\_\_

Конкурсқа шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізу үшін өтініш білдіреміз, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 29-1-тармағында белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулеріне сәйкес екенімізді растайтын мәліметтерді алуға келісім береміз.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 953 қаулысына  
2-қосымша  
Ерекше тәртіпті қолдана  
отырып, мемлекеттік сатып  
алуды жүзеге асыру  
қағидаларына  
4-қосымша

### Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт

\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_ (орналасқан жері)

Бұдан әрі тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

— (тапсырыс берушінің толық атауы)  
атынан \_\_\_\_\_

— (уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)  
бір тараптан және бұдан әрі өнім беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

— (өнім беруші - конкурс жеңімпазының толық атауы) атынан  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

— (Жарғының, Ереженің және т.б.)  
\_\_\_\_\_

— екінші тараптан, (уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ өткен \_\_\_\_\_ (конкурс, баға ұсыныстары, бір көзден алу тәсілімен) мемлекеттік сатып алу қорытындысы негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші (соманы цифрмен және жазбаша көрсету керек) мөлшердегі сомаға (бұдан әрі – шарттың бағасы) тауарларды тапсырыс берушіге жеткізуге міндеттенеді.

2. Осы шартта төменде келтірілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "шарт" – тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) "шарттың бағасы" – шарт шеңберінде өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін өнім берушіге тапсырыс беруші төлеуге тиіс сома;

3) "тауарлар" – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы,

шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіленген нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

4) "ілеспе көрсетілетін қызметтер" – тауарды беруді қамтамасыз ететін, мысалы тасымалдау және сақтандыру сияқты көрсетілетін қызметтер және мысалы монтаждауды, іске қосуды, техникалық жәрдем көрсетуді, оқытуды және өнім берушінің осы шартпен көзделген басқа да осыған ұқсас міндеттерін қамтитын кез келген басқа да қосалқы көрсетілетін қызметтер;

5) "тапсырыс беруші" – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

6) "өнім беруші" – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, тапсырыс берушімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

3. Төменде тізбеленген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің тізбесі;
- 3) техникалық ерекшелік.

4. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізеді. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

1) тапсырыс берушінің банк шотына не мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі;

3) Заңның 43-бабы 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

5. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақшалай жарнасына тұтастай не бір бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны Тапсырыс берушінің Заңда көзделмеген мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

6. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар дайындаудың технологиялық мерзімінің



ұзақтығы оларды келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) жеткізуді негіздейтін тауарларды (дайындаушының осындай фактіні растайтын анықтамасы болуға тиіс) сатып алғанда мемлекеттік сатып алу шартын бір қаржы жылынан астам мерзімге жасасуы мүмкін.

Бұл ретте қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан астам мұндай мемлекеттік сатып алу туралы шартты бәсекелестік негізде жүргізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша белгіленген өнім берушілермен ғана жасасуға жол беріледі.

7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар басқару органдары немесе көрсетілген тұлғалардың жоғары органдары бекіткен даму жоспарында (бизнес-жоспарда) белгіленген, мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) аяқталатын іс-шараны орындау үшін қажетті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт жасасуы мүмкін.

8. Жылдық қаржылық есептілік аудиті бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

9. Өнім беруші тауарды сатуға және жеткізуге, ал Тапсырыс беруші тауарды осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Өнім берушінің конкурстық өтінімі мен Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына сәйкес сан мен сапада қабылдап алуға және ақысын төлеуге міндеттенеді.

Ақы төлеу нысаны \_\_\_\_\_ (аударым, қолма қол есеп айырысу және т.б.)

10. Төлеу мерзімі \_\_\_\_\_

— (мысал: тауар межелі пунктте қабылданғаннан кейін % немесе алдын ала төлеу немесе т.б.).

11. Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(шот-фактура немесе қабылдап алу-беру актісі немесе т.б.)

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Заңда көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу талаптарын көздейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өткізілген мемлекеттік сатып алу шарттарының мазмұнын және (немесе) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысын өзгертетін өзгерістерді Заңның 45-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

12. Осы шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

13. Өнім беруші шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар берген техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды, модельдерді, үлгілерді немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз ешкімге ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

14. Өнім беруші қандай да бір жоғарыда келтірілген құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатқа пайдаланбауға тиіс.

15. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауарларға, егер бұл техникалық ерекшелікте айтылса, олардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізуі мүмкін. Осы сынақтарға жұмсалатын барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Техникалық ерекшелікте Тапсырыс берушіге қандай түрдегі тексеру мен сынақ талап етілетіндігі, сондай-ақ олар қай жерде жүргізілуге тиіс екендігі көрсетіледі. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттарға арналған өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде және уақтылы хабардар етеді.

16. Техникалық бақылау мен сынақ Өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігер(лер)інің аумағында, тауарларды жеткізу орнында және/немесе соңғы пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігер(лер)інің аумағында жүргізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс берушінің тарапынан қандай да болмасын қосымша шығынсыз сызбаларға және өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

17. Егер техникалық бақылаудан немесе сынақтан өткен тауарлар техникалық ерекшелікке сай келмесе, Тапсырыс беруші олардан бас тарта алады және Өнім беруші ақаулы тауарды не алмастырады, не Тапсырыс берушінің тарапынан қандай да болмасын қосымша шығынсыз техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес қажетті өзгерістер енгізеді.

18. Жоғарыда көрсетілгендердің бір де бір тармағы Өнім берушіні осы шарт бойынша кепілдіктерден немесе басқа да міндеттемелерден босатпайды.

19. Өнім беруші тауарларды соңғы межелі пунктіне тасымалдау кезінде олардың зақымданудан немесе бұзылудан қорғайтындай оралуын қамтамасыз етеді. Орама қандай да болмасын шектеулерсіз қарқынды көтергіш-көлік өңдеуіне және тасымалдау кезіндегі экстремалды температураның, тұз бен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық сақтаудың әсеріне төзуге тиіс. Оралған

жәшіктердің ауқымын және олардың салмағын анықтау кезінде соңғы жеткізу пунктінің алыстығы және тауарларды алып жүрудің барлық пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың болуы ескерілуі қажет.

20. Жәшіктерді орау мен таңбалау, сондай-ақ ішіндегі және сыртындағы құжаттама Тапсырыс беруші белгілеген арнайы талаптарға қатаң сәйкес келуге тиіс.

21. Тапсырыс берушінің сатып алынатын Тауарлардың тізбесінде айтылған шарттарына сәйкес Тауарларды жеткізуді Өнім беруші былайша жүзеге асырады:

а) шетелден жеткізілетін Тауарлар үшін:

тауарды түсіргеннен кейін Өнім беруші Тапсырыс берушіге және сақтандыру компаниясына телекспен немесе факспен шарттың нөмірін, тауарлардың сипаттамасын, санын, кемені, коносамент нөмірін және оның күнін, тиеп жөнелтілетін порты мен күнін, түсірілетін портын және т.б. қоса алғанда, тасымалдаудың барлық мән-жайлары туралы хабардар етеді:

1) Тауарлардың сипаттамасы, Тауардың санын, бірлігінің бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, Өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесі;

2) көліктік жүкқұжаттардың түпнұсқасы мен 3 көшірмесі;

3) әрбір орамның құрамын көрсетіп, орау парағының көшірмесі;

4) сақтандыру сертификаты;

5) Дайындаушының немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты;

б) уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау жүргізілгені туралы куәлік, сондай-ақ Өнім берушінің зауытында техникалық бақылау жүргізілгені туралы есеп (егер мұндайлар орын алса);

7) тауардың шыққан жері туралы сертификат.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды Тапсырыс беруші Тауарлар портқа немесе жеткізу пунктіне келгенге дейін ең болмағанда бір апта бұрын алуға тиіс және олар алынбағанда Өнім беруші осыған байланысты барлық шығыстар үшін жауапты болады;

б) жергілікті Тауарлар үшін:

1) тауарлардың сипаттамасымен, тауарлардың санын, тауарлардың бір бірлігінің бағасын және жалпы сомасын көрсетіп, Өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесі;

2) көліктік жүкқұжат, теміржол түбіртегі немесе автожүк түбіртегі;

3) дайындаушының немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты;

4) уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау жүргізілгені туралы куәлік, сондай-ақ Өнім берушінің зауытында техникалық бақылау жүргізілгені туралы есеп (егер мұндайлар орын алса);

5) тауардың шыққан жері туралы сертификат.

22. Шартқа сәйкес жеткізілетін тауарлар оларды дайындауға, сатып алуға, тасымалдауға, сақтауға және жеткізуге байланысты бүлінуден немесе бұзылудан теңгемен (немесе еркін айырбасталатын валютамен) толық сақтандырылуға тиіс (сақтандырудың қажетті түрін көрсету керек). Сақтандыру полисінде Тапсырыс беруші Өнім берушімен бірге сақтандыру компаниясынан өтемақы алатын тарап ретінде аталады.

23. Сақтандыру әскери іс-қимылдар мен көтерілістерге байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, "барлық тәуекелдерден" сақтандыру кезінде "қоймадан қоймаға дейін" шарт сомасының 110 %-ы мөлшерінде болуға тиіс.

24. Өнім беруші Тауарларды межелі пунктіне дейін жеткізеді. Осы тауарларды межелі пунктіне дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және ақысын төлейді, ал оған байланысты шығыстар шарттың бағасына қосылады.

25. Осы шарттың шеңберінде Өнім беруші конкурстық құжаттамада аталған көрсетілетін қызметтерді ұсынады.

26. Ілеспе көрсетілетін қызметтердің бағасы шарттың бағасына қосылуға тиіс.

27. Тапсырыс беруші Өнім беруші дайындайтын немесе өткізетін қосалқы бөлшектер туралы мынадай ақпаратты, атап айтқанда, Тапсырыс беруші сатып алу үшін Өнім берушіден таңдай алатын және оларды кепілдік мерзімі өткеннен кейін пайдалана алатын қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасын беруді Өнім берушіден талап етуі мүмкін.

28. Өнім беруші қосалқы бөлшектердің өндірісін тоқтатқанда:

а) Тапсырыс берушіні өзіне қажетті санда қажетті сатып алуды жүргізе алуына мүмкіндік беру үшін өндірістің алдағы уақыттағы тоқтауы туралы алдын ала хабардар етеді;

б) қажет болғанда өндіріс тоқтағаннан кейін артынша Тапсырыс берушіге қосалқы бөлшектерге жоспарларды, сызбалар мен техникалық құжаттаманы тегін ұсынады.

29. Егер шартта өзгеше көзделмесе, Өнім беруші шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар жаңа, пайдаланылмаған, конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы модификациялары көрсетілген жаңа не сериялық модель болып табылатындығына кепілдік береді. Өнім беруші, бұдан әрі, осы шарт бойынша берілген Тауарлар Тапсырыс берушінің елі үшін әдетте қолайлы жағдайларда берілген Тауарларды қалыпты пайдаланған кезде конструкцияларына, материалдары мен жұмысына байланысты ақаулары болмайтындығына кепілдік береді. Тапсырыс беруші берген техникалық ерекшелікке қатаң сәйкестікте Өнім беруші дайындаған конструкцияларда,

материалдарда ақау пайда болғанда, өзінің (Тапсырыс берушінің) техникалық ерекшелігінде Тапсырыс берушінің қателік жібергені үшін Өнім беруші жауапты болмайды.

30. Бұл кепілдік нақты жағдайға қарай, Тауарлардың бүкіл партиясын немесе оның бір бөлігін жеткізгеннен және оларды шартта көрсетілген соңғы межелі пунктінде қабылдап алғаннан кейін \_\_\_\_\_ ішінде жарамды. (қажетті кепілдік мерзімі көрсетілсін)

31. Тапсырыс беруші осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы Өнім берушіні жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті.

32. Мұндай хабарламаны алғаннан кейін Өнім беруші ақау шыққан Тауарды немесе оның бір бөлігін Тапсырыс берушінің тарапынан ешқандай шығынсыз жедел жөндейді немесе ауыстырады.

33. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, Тапсырыс беруші талап еткен мерзімде ақау(лар)ды түзетпесе, Тапсырыс беруші ақауларды жөндеу жөніндегі қажетті санкциялар мен шараларды Өнім берушінің есебінен және шарт бойынша Тапсырыс берушінің Өнім берушіге қатысты иеленуі мүмкін басқа да құқықтарына ешқандай залалсыз қолдана алады.

34. Жеткізілген Тауарлар үшін Өнім берушіге ақы төлеу осы шарттың \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_ -тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізілетін болады.

35. Тапсырыс берушінің шартта көрсеткен бағалары Өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде көрсеткен бағаларға сәйкес болуға тиіс.

36. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, шарттың құжаттарына ешқандай (сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер, тиеу, орау әдістері, жеткізілетін орны және т.б.) ауытқуларға немесе өзгерістерге жол берілмейді.

37. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге шарт бойынша тауарлардың кез келген бөлігін жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкеп соғатын болса, шарттың бағасы немесе жеткізу кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Осы бап шеңберінде түзету жүргізуге Өнім берушінің барлық сұрау салулары Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкімді Өнім беруші алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде берілуге тиіс.

38. Өнім беруші қандай да болмасын біреуге осы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз не толық, не ішінара бермейді.

39. Егер бұл конкурстық өтінімнің құжаттарында айтылған болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмесін береді. Қосалқы мердігерлердің болуы Өнім

берушіні шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

40. Тауарларды жеткізуді Өнім беруші кестеге сәйкес жүзеге асырады.

41. Өнім беруші тарапынан жеткізудің орындалуын кідірту оған жүктелетін мынадай санкцияларға әкеп соқтыруы мүмкін: шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қала отырып, Тапсырыс берушінің шартты бұзғаны не уақтылы жеткізбегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеу.

42. Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, егер Өнім беруші шартта көзделген мерзімде Тауарды жеткізе алмаса, Тапсырыс беруші шарт шеңберіндегі өзінің басқа да құқықтарына залалсыз, өнім беруші міндеттемені орындамағанда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алады не мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісінше орындамаған міндеттеменің 0,1 %-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алады.

43. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін басқа қандай да бір санкцияларға залалсыз, Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Тапсырыс беруші:

а) егер Өнім беруші Тауардың бір бөлігін немесе барлығын шартта көзделген мерзім(дер)де немесе Тапсырыс беруші берген осы шартты ұзарту кезеңі ішінде жеткізе алмаса;

б) егер Өнім беруші шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемесін орындай алмаса, осы шартты толық немесе ішінара бұза алады.

44. Егер шарттың орындалуын кешіктіру форс-мажор мән-жайларының салдары болып табылса, Өнім беруші өзінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеу немесе оны бұзу үшін жауапты болмайды.

45. Осы шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" Өнім берушінің тарапынан бақыланбайтын, Өнім берушінің қателігі немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе зілзала апаттары, індет, карантин, тауарды жеткізуге эмбарго сияқты әрекеттерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

46. Форс-мажор мән-жайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы тез арада жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, бұл қаншалықты орынды болуына қарай Өнім беруші шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және шартты орындаудың форс-мажор мән-жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіреді.

47. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарламаны жібере отырып, Тапсырыс беруші шартты бұза

алады. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және егер шарттың бұзылуы залал келтірмесе немесе Тапсырыс берушінің іс-қимылдар жасауға қандай да бір құқықтарын немесе оған қойылған немесе кейіннен қойылуы мүмкін санкцияларды қолдануды қозғамауы шартымен, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндетті көтермейді.

48. Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі шартты орындауы орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші кез келген уақытта оны бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шарттың бұзылуы күшіне енген күн жазылады.

49. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты күшін жойған кезде Өнім беруші шарт бұзылған күнге оны бұзуға байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етеді.

50. Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген жәрдем көрсеткенде мемлекеттік сатып алу туралы шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін. Осы негіздер бойынша шарттың бұзылуына байланысты болған шығындар үшін ғана Өнім беруші ақы талап етуге құқығы жоқ.

51. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде өздерінің арасында шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсауға тиіс.

52. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

53. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт отандық тауар өндірушілермен немесе отандық қызмет көрсетушілермен жасалғанда, шартта алдын ала ақы төлеу және тауарларды жеткізгені не қызметтерді көрсеткені үшін толық ақы төлеу туралы талап қамтылады. Бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

54. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу талаптарын қамтиды.

55. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын

ескере отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шартты ол ұсынған нысанда ресімдеуге жол беріледі.

56. Шарт қазақ және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шартты төрелікте қарау қажет болғанда шарттың қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Шартқа қатысты барлық хат алмасу және тараптар алмасатын басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес болуға тиіс.

57. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

58. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жөнелтіледі.

59. Хабарлама, күндердің қайсысы кеш болуына қарай, жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

60. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

61. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізуге міндетті.

62. Өнім беруші жергілікті қамтуды (ол бар болса) конкурстық өтінімге сәйкес қамтамасыз етуге міндеттенеді.

63. Өнім беруші жеткізілетін тауардың бүкіл (барлық) партиясына (партияларына) тауардың шығарылған жері туралы СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынуға міндеттенеді.

64. Осы шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

65. Осы шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) тіркегеннен кейін және Өнім беруші Қағидалардың 121-тармағында көрсетілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

66. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші      Өнім беруші

\_\_\_\_\_

(толық атауы)

\_\_\_\_\_

(толық атауы)

\_\_\_\_\_

(мекенжайы)

\_\_\_\_\_

(мекенжайы)

\_\_\_\_\_

(телефоны, факсі)

\_\_\_\_\_

(телефоны, факсі)



(Т.А.Ә. (бар болса)) (Т.А.Ә. (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

М.О.

М.О

Аумақтық қазынашылық органында тіркелген күні (мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін):

Осы Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт Тапсырыс берушінің тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы процесінде Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы шартты пайдалана отырып, Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде өзінің тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартының түпкілікті жобасын әзірлейді. Бұл ретте осы шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасына, Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуға тиіс. Осы шартта курсивпен бөліп көрсетілген түсіндірулерді Тапсырыс беруші толтыруға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 953 қаулысына  
3-қосымша  
Ерекше тәртіпті қолдана  
отырып, мемлекеттік сатып  
алуды жүзеге асыру  
қағидаларына  
5-қосымша

### **Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт**

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (орналасқан жері)

Бұдан әрі тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тапсырыс берушінің толық атауы)

атынан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бір тараптан және бұдан әрі өнім беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
атынан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(өнім беруші - конкурс жеңімпазының толық атауы)

\_\_\_\_\_  
негізінде әрекет ететін (Жарғының, Ереженің және т.б.)

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

екінші тараптан "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және \_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ өткен \_\_\_\_\_ (конкурс, баға ұсыныстары, бір көзден алу тәсілімен) мемлекеттік сатып алу қорытындыларының негізінде осы Мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы – (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету керек) тапсырыс беруші үшін осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды (жұмыстардың қысқаша сипаттамасы) жариялады және оларды орындауға сомасы (сомасын сандармен және жазумен көрсету керек) (бұдан әрі – шарттың бағасы) мөлшерінде мердігердің конкурса қатысуға өтінімін қабылдады.

2. Жұмыстар Жоба бойынша орындалады (Жобаның аты, объектінің атауы мен орналасқан жері) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Бас жобалаушы (ұйымның атауы мен мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
3. Осы шартта төменде келтірілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "тапсырыс беруші" – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

2) "бас мердігер" (бұдан әрі – мердігер) – тапсырыс берушімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ консорциум;

3) "қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы)" – шарт бойынша учаскеде (объектіде) жұмыстардың бір бөлігін орындауға мердігермен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

4) "техникалық қадағалаушы" – тапсырыс беруші тағайындаған және мердігерлік жұмыстарды мердігердің шарт талаптарына сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға мердігерге хабарланған тұлға;

5) "объект" – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушымен салуға, реконструкциялауға жататын ретінде айқындалған және шартта көзделген түрде мердігермен тапсырыс берушіге берілетін ғимарат, құрылыс;

6) "учаске" – объект салу немесе жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген аумақты білдіреді;

7) "шарт бағасы" – мердігер өзінің конкурстық өтінімінде көрсеткен және тапсырыс беруші қабылдаған шарттың жалпы сомасы;

8) "шарт" – "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тапсырыс беруші мен мердігердің арасында ғимараттар мен құрылыстарды салуға және жөндеу-құрылыс жұмыстарына жасалған азаматтық-құқықтық шарт. Қол қойылғаннан кейін шарттағы барлық өзгерістер мен толықтырулар өзгерістер қабылдау жолымен жасалуы мүмкін. Шарт жобалаушы мен мердігер, тапсырыс берушілер мен қосалқы мердігерлер арасында қандай да бір шарттық қатынастар жасайтындай етіп түсіндірілмейді;

9) "уақытша құрылыстар" – объектіні салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және объектіні салуды аяқтағаннан кейін мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстар;

10) "материалдар" – объектіні салу үшін мердігер мен қосалқы мердігер пайдаланатын барлық шығыс материалдар;

11) "жабдық" – мердігер мен қосалқы мердігердің объектіні салу үшін учаскеде уақытша тұрған барлық машиналар мен тетіктер;

12) "құрылыстың ұзақтық мерзімі" – мердігер объектіні салуды аяқтауға тиіс мерзім;

13) "күндер" – күнтізбелік күндер, "айлар" – күнтізбелік айлар;

14) "өзгерістер" – тапсырыс беруші шартқа қол қойылғаннан кейін берген өзгерістер;

15) "ақау" – жұмыстардың шарт талаптарын бұзып орындалған бөлігі;

16) "кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі" – жұмыстардың орындалуын тексеру процесінде табылған кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі.

4. Төменде тізбеленген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы шарт;
- 2) шарттың нысанасы/сатып алынатын жұмыстардың тізбесі;
- 3) техникалық ерекшелік;
- 4) жобалау-сметалық құжаттама/жұмыс сызбалары (сызбалардың нөмірлері мен олардың күндерін көрсету керек);
- 5) өзге құжаттар (тапсырыс беруші шарттың құжаттарына енгізгісі келетін қосымша құжаттарды көрсету керек).

5. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізеді. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

1) тапсырыс берушінің банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілді ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі;

3) Заңның 43-бабы 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

6. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақшалай жарнасына тұтастай не бір бөлігіне талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны тапсырыс берушінің Заңда көзделмеген мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

7. Мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада оларды аяқтау мерзімі келесі (кейінгі) қаржылық жылы (жылдары) көзделген жұмыстарды сатып алғанда мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар мемлекеттік сатып алу шартын бір қаржы жылынан астам мерзімге жасауы мүмкін.

Бұл ретте қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан астам мемлекеттік сатып алу туралы мұндай шарттарды бәсекелестік негізінде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша анықталған өнім берушілермен ғана жасасуға рұқсат етіледі.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар көрсетілген тұлғалардың басқару органы немесе жоғары органы бекіткен даму жоспарында (

бизнес-жоспарында) оларды аяқтау мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылына (жылдарына) белгіленген іс-шараларды орындау үшін қажетті жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт жасасуы мүмкін.

8. Мердігер осы шартта көзделген барлық жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

9. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу шарттарын қамтиды.

10. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалғанда мемлекеттік сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынған нысанда ресімдеуге жол беріледі.

11. Шарт қазақ және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шартты төрелікте қарау қажет болғанда шарттың қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Шартқа қатысты барлық хат алмасу және тараптар алмасатын басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес болуға тиіс.

12. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу талаптарын көздейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өткізілген мемлекеттік сатып алу шарттарының мазмұнын және (немесе) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысын өзгертетін өзгерістерді Заңның 45-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

13. Объектіні салу мәселелеріне қатысты тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы ресми қатынастың жазбаша түрде ғана күші болады.

14. Бас мердігер тапсырыс берушіге аталған шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттарының көшірмелерін береді.

15. Мердігер қосалқы мердігер ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) екіден бір бөлігінен аспайтын көлемінде ғана шарт жасаса алады және тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді.

16. Участкеде қосалқы мердігерлер бар болса, мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отырады.

17. Тапсырыс беруші мердігерге объектінің құрылысын салуға (жөндеуге, реконструкциялауға) жобалау-сметалық құжаттаманы береді (мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс құрылысты "дайын тапсыру" шартымен өткізілген кезде бұл талап осы шартта ескерілуге тиіс).

18. Мердігер негізгі лауазымдарға біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды. Бұл тұлғаларды басқалармен алмастырған кезде мердігер мұндай алмастыруға тапсырыс берушінің келісімін алады. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі біліктілік туралы мәліметтерде тізбеленген қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуға тиіс.

19. Егер тапсырыс беруші себептерін көрсете отырып, мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Объектідегі жұмыстарды орындаудан шеттетуді сұрайтын болса, мердігер бұл тұлғаны 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен шығаруға міндетті, одан кейін осы шарт бойынша жұмыстарды орындаумен бұл тұлғаның ешқандай байланысы болмауға тиіс.

20. Мердігер тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне шығын немесе залал келтірумен және өз қызметкерлерінің денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің мерт болуымен байланысты және шартты орындау ағымында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

21. Тапсырыс беруші тәуекелдің ерекше түрлері үшін, атап айтқанда: соғыс, көтеріліс, революция, азаматтық соғыс, бүлік, тәртіпсіздіктер (егер оған Тапсырыс берушінің қызметкерлері қатысса) тәуекелі үшін жауапты болады. Мердігер тапқан және конкурстық құжаттамада көрсетілмеген топырақтың уытты және жарылғыш заттармен улануы және егер осы табылғандар жұмыстарды орындауға тікелей әсер ететін болса, тапсырыс берушінің тәуекелі болып табылады.

22. Мердігер ақауларды жою кезеңін қоса алғанда, жұмыстар басталған күннен бастап жұмыстар толық аяқталғанға дейінгі кезеңге тапсырыс берушінің атына сақтандыру өтемін қамтамасыз етеді.

Сақтандыру объектілері және сомасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жабдықтар беруді сақтандыру, адамдарды және т.б. сақтандыру)

23. Мердігер сақтандыру полистері мен сертификаттарын бекіту үшін тапсырыс берушіге жұмыстар басталатын күнге дейін ұсынуға тиіс.

24. Егер мердігер талап етілетін сертификаттарды ұсынбаса, тапсырыс беруші Мердігер қамтамасыз ететін сақтандыруды жүргізуіне және бұл шығыстарды шарттың құнынан ұстап қалуына болады.

25. Мердігер тапсырыс берушінің келісімінсіз сақтандыру шарттарына ешқандай өзгеріс жасай алмайды.

26. Екі тарап та сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға тиіс.

27. Тараптардың әрқайсысы өздерінің бірлескен іс-қимылының немесе кемшіліктерінің нәтижелері болып табылған шығындар, шығыстар және

шығындар бойынша қуынымдар, адамдардың денсаулығына келтірілген залал мен олардың өлімі үшін жауапты болады және екінші тарапқа оларды өтейді.

28. Мердігер объектідегі жұмыстар өндірісінің қауіпсіздік техникасы үшін толығымен жауапты болады.

29. Тапсырыс беруші мердігерге объектіні салуға бөлінген учаскені толық пайдалануға рұқсат етеді. Егер учаске берілетін күнге құрылысқа берілген учаскенің бір бөлігі берілмеген болса және осы себеппен жұмыстардың орындалуы кідірсе, онда бұл жағдайда тапсырыс беруші жұмыстарды аяқтау мерзімін осы учаскені беру кідірілген мерзімге ұзартады.

30. Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеушілер учаскеге немесе шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқа орынға әрқашан кіре алады.

31. Тапсырыс беруші мен мердігер шарт бойынша немесе оған байланысты өздерінің арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

32. Егер тапсырыс беруші мен өнім беруші осындай бейресми келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде шарт бойынша дауды бейбіт жолмен шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.

33. Егер мердігер шарттық құжаттардың талаптарын бұзып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер мердігер жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты соңына дейін орындауға қабілетсіз болып шықса, тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен мердігерге жұмыстарды тұтастай немесе тоқтап қалу себептерін жойғанға дейін бір бөлігін тоқтату туралы нұсқау бере алады.

34. Егер мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін жеті күн ішінде жазбаша немесе әрекетімен жауап бермесе, тапсырыс беруші көрсетілген жеті күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайта жолдайды. Егер мердігер келесі жеті күндік мерзім ішінде көрсетілген ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, тапсырыс беруші өзінің басқаша ықпал ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады, оның негізінде мердігерге төленуге тиіс сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындарын өтеуді қоса алғанда, көрсетілген ақауларды түзету құны шегеріледі. Егер мердігерге төленуге тиіс сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, мердігер тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

35. Мердігер \_\_\_\_\_ мерзім ішінде тапсырыс берушіге объектіні салу бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ тапсырыс беруші тарапынан өзінің конкурстық өтініміне сәйкес төлемдерді жүргізу кестесі баяндалған жұмыстардың өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

36. Егер форс-мажор мән-жайлары орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер жұмыстарды орындау процесінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайларда тапсырыс беруші жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте мердігер азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етеді.

37. Мердігер білімін және қолда бар барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмысты бақылап және бағыттап отыруға міндетті. Мердігер құралдар, әдістер, техника, дәйектілік және жұмыстардың орындалу сапасы, сондай-ақ шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіру үшін толығымен жауапты болады және бақылауды жүзеге асырады.

38. Мердігер тапсырыс берушінің алдында өз қызметкерлерінің, қосалқы мердігер(лер)дің, қосалқы мердігер(лер)дің қызметкерлері мен сенім білдірілген тұлғаларының, сондай-ақ мердігермен шарт негізінде шарт шеңберіндегі жұмыстардың бір бөлігін орындайтын басқа да тұлғалардың іс-әрекеті мен кемшіліктері үшін жауапты болады.

39. Тапсырыс беруші жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізе алады. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе конструкция ақаулы болып шықса, мердігер жұмыстардың ақауын түзетеді және (немесе) конструкцияны алмастырады.

40. Тапсырыс беруші табылған кез келген ақаулар туралы ақауларды түзету мерзімін көрсете отырып, мердігерді жазбаша түрде хабардар етеді.

41. Мердігер ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоюға міндетті.

42. Ақы төлеу нысаны \_\_\_\_\_

—  
(аудару, қолма-қол есеп айырысу және т.б.)

43. Төлемдердің түрлері мен мерзімі \_\_\_\_\_

—  
(төлемдердің қалай жүргізілетінін және төлеу мерзімін көрсету керек:  
аванстық төлем, ағымдағы төлемдер, соңғы төлемақы)

44. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: \_\_\_\_\_

—  
(шот-фактура немесе орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беру актісі немесе т.б.)



45. Тапсырыс беруші мердігерге \_\_\_\_ сомасында аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізуі мүмкін. Мердігер төленген авансты осы шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, жабдықтар мен еңбекақы төлеуге ғана пайдаланады.

46. Тапсырыс беруші аванстық төлемдерді жүзеге асырғанда, ай сайынғы төлемдер орындалған жұмыстардың көлеміне тепе-тең \_\_\_\_\_ мөлшерде аванстық төлемдердің сомасын шегере отырып түзетіледі.

Төлем мерзімі \_\_\_\_\_.

47. Егер Тапсырыс беруші мердігерге тиесілі соманы шартта көрсетілген мерзімде төлемесе, онда бұл жағдайда ол мердігерге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде кідірілген төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұрақсыздық айыбы келесі төлеммен бірге жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбының пайызы төлем жүргізілуге тиіс болған күннен бастап есептеледі және соңғы төлем жүргізілген күнмен аяқталады.

48. Мынадай оқиғалар жұмыстардың ұзақтық мерзімін өзгертуге немесе Мердігерге ақшалай өтемақы төлеуге алып келеді:

1) Тапсырыс беруші объектінің барлық учаскелерін пайдалануға рұқсат етпесе, бұл жұмыстардың орындалуын кідіртеді. Бұл жағдайда тапсырыс беруші осы шарт бойынша жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартуға міндетті;

2) Тапсырыс беруші мердігерге шартта жоспарланбаған сынақтарды өткізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқама берсе. Егер осы сынақта қандай да бір ақаулар анықталмаса, онда сынақ өткізу үшін жұмыстарды тоқтату уақыты жұмыстарды орындаудың шарттық мерзіміне қосылады;

3) аванстық төлем кешіктірілсе;

4) объектіде бірнеше мердігер болса, тапсырыс берушінің басқа мердігерлер үшін жасаған жұмыстар кестесі осы шарт бойынша мердігердің жұмыстарды орындау мерзіміне келеңсіз әсер етсе.

Өтемақылар сомасы мердігермен келісіледі.

49. Ақшалай өтемақы мердігерге барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін және кемшіліктер мен ақаулар тізбесі жойылғаннан кейін ғана төленеді.

50. Мердігер тапсырыс берушіге шарт бойынша жеткізілетін материалдар мен жабдықтардың техникалық ерекшеліктер мен жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келетініне, жұмыс оның сапасын жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады. Мердігер беретін кепілдіктерге, мердігер (Қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану

кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша мердігер материалдар мен жабдықтар сапасының техникалық ерекшеліктерге және/немесе жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды береді.

Мердігер тапсырыс берушіге \_\_\_\_\_ жыл мерзімге пайдалануға кепілдік береді.

51. Егер екінші тарап шарттың талаптарын шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай едәуір бұзушылық жасаған болса, тапсырыс беруші немесе мердігер шартты шартта көрсетілген мерзімге дейін бұза алады.

52. Шарттың талаптарын едәуір бұзу мынаны қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектелмейді:

1) егер мердігер жұмыстар кестесін орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші шартты бұза алады;

2) мердігер тапсырыс берушінің тоқтатуға рұқсатын алмай \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімге жұмысты тоқтата тұрса;

3) мердігер тапсырыс беруші белгілеген негізді уақыт кезеңі ішінде тапсырыс беруші көрсеткен ақауларды жоймаса;

4) тапсырыс беруші мердігерге жұмыстар барысын кідіртуге нұсқама берсе және мұндай нұсқама \_\_\_\_\_ күн ішінде күшін жоймаса;

5) тапсырыс беруші не мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) тапсырыс беруші мердігерге тапсырыс берушінің техникалық бақылаушысы растаған соманы сома расталған күннен кейінгі \_\_\_\_\_ күн ішінде төлемесе;

7) мердігер жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

53. Егер шарт мердігердің шартты едәуір бұзуы себебінен бұзылса, тапсырыс берушінің жаңа мердігерді таңдауына аванстар мен шығындарды шегере отырып, тапсырыс беруші мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер тапсырыс берушінің шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма тапсырыс берушіге төленуге жататын борышты құрайды.

54. Тапсырыс беруші мердігерге оның шартты бұдан әрі орындауының орынсыздығына орай тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Заңның 5-бабының 13-тармағына сәйкес кез келген уақытта шартты бұза алады,

хабарламада шартты бұзу себебі көрсетіледі, шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне енетін күні баяндалады.

55. Мұндай жағдайларда тапсырыс беруші орындалған барлық жұмыстардың, сатып алынған жабдықтардың құнын, объектіден машиналар мен механизмдерді шығаруға шығыстарды және объектіні консервациялау құнын төлейді.

56. Шарт жоғарыда тізбеленген мән-жайларға байланысты күшін жойған кезде мердігер шарт бұзылған күнге оны бұзуға байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етеді.

57. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт кез келген кезеңде бұзылады:

1) Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге Заңда көзделмеген жәрдем көрсетсе.

Егер шарт бұзылса, мердігер дереу жұмысты тоқтатып, объектіні консервациялауды және оны тапсырыс берушіге белгіленген тәртіппен тапсыруды қамтамасыз етеді.

58. Егер шарт мердігердің шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен бұзылатын болса, объектідегі барлық материалдар мен жабдық, сондай-ақ уақытша құрылыстар мен орындалған құрылыс жұмыстары тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның иелігінде болады.

59. Егер дүлей апат, ұрыс қимылдары немесе тапсырыс беруші немесе мердігер бақылай алмайтын қандай бір басқа форс-мажорлық оқиға шарттың орындалуын бұзса, тапсырыс беруші шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін аса қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші мердігерге объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

60. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жауын-шашынға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлыққа және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ онымен шектелмей)

басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етеді. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

61. Жоғарыда айтылған себептер бойынша жұмыстар толық аяқталғанға және қабылданғанға дейін мердігер жұмыстарына қандай да бір нұқсан тигені немесе олардың зақымданғаны үшін тапсырыс беруші жауапты болмайды және мердігер қандай да бір зиянды барлық түзетуді, қандай да бір зақымдануды және өзге де жоғары айтылғандар нәтижесінде өзге де ақауларды қосымша өтеусіз жүзеге асырады.

62. Мердігер жеткізетін, объектіге жеткізілуге тиіс барлық материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыру үшін мердігер жауапты болады. Жеткізу мердігердің атына ғана жүзеге асырылады. Жеткізумен, өңдеумен, сақтаумен және көлік құралдарының тұрып қалуына ақы төлеумен байланысты шығыстар үшін тапсырыс беруші ешбір жағдайда жауапты болмайды. Ешбір жағдайда жеткізу тапсырыс берушінің атына жіберілмейді.

63. Мердігер тапсырыс берушіге учаскеде материалдар мен жабдықтар алу кестесін береді. Сақтау, төсеу немесе қатарлап жинау үшін тапсырыс беруші рұқсат берген учаскелер ғана пайдаланылуы мүмкін. Егер мердігер өзінің материалдары мен жабдықтарын түсіруді және сақтауды кідіртетін болса және егер мұндай кідірту тұтастай алғанда жұмыстарды жүзеге асыруға зиян келтіретін болса, тапсырыс беруші мердігердің материалдары мен жабдықтарын тиеу мен сақтауды мердігердің есебінен жүзеге асыруы мүмкін (бірақ мұны жасауға міндетті емес). Бұл жағдайда тапсырыс беруші кемінде бір жұмыс күні бұрын мердігерді жұмыстардың басталған күнін және орнын көрсете отырып, мұндай жұмыстардың жүзеге асырылуы туралы хабардар етуге міндетті. Егер мұндай түсіруді немесе сақтауды тапсырыс беруші жүзеге асыратын болса, жоғарыда айтылғанның зиянына немесе зақымдануына байланысты бүкіл тәуекелді мердігер көтереді.

64. Тапсырыс беруші беретін материалдар мен жабдықтарды тапсырыс беруші мен мердігер бірлесіп қабылдайды және тексереді. Құрылыс алаңында түсіруді мердігер жүзеге асырады. Мұндай қабылдау қабылдап алу туралы Мердігер дайындайтын жазбаша құжатпен куәландырылуға тиіс. Мұндай материалдар мен жабдықтарға қолданылатын кез келген кемшілік немесе зақымдану қабылдап алу туралы жазбаша құжатта нақты белгіленуге тиіс. Мұндай материалдар мен жабдықтарды қабылдағаннан кейін мердігер осындай материалдар мен жабдықтардың өңделуі мен сақталуы үшін және жоғарыда

көрсетілгендер жоғалған немесе зақымданған жағдайда толық жауапты болады. Мердігер өзінің жұмыстарын аяқтағаннан кейін қалатын материалдардың немесе жабдықтардың кез келген артық саны тапсырыс берушіге қайтарылуға тиіс.

65. Егер шартта тапсырыс берушінің материалдарын немесе жабдықтарын жеткізу көзделген болса, мердігер оларды жеткізу үшін қажет болуы мүмкін мерзімдер туралы тапсырыс берушіні алдын ала хабардар етеді. Бұл мерзімдер мердігердің жұмыс кестесінде көзделеді.

66. Егер шартқа сәйкес тапсырыс беруші осы шартта көзделген жұмыстарды орындау үшін негізді көлемде электр энергиясымен және сумен қамтамасыз ететін болса, мердігер қосуды орындау үшін және су мен электр энергиясын тапсырыс беруші белгілеген қосу нүктесінен бөлу үшін жауап береді. Осы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етудегі үзілістер жұмыстардың ұзақтығын өзгерту үшін негіз болып табылады.

67. Мердігер учаскенің аумағын таза ұстайды. Мердігер учаскеден барлық құрылыс қоқысын жоюға және учаскені жедел түрде тәртіпке келтіруге міндетті.

68. Егер мердігер учаскені осы шарт талап ететіндей таза ұстауға жағдайы келмесе, шығыстарды мердігердің есебіне жатқыза отырып, осы жұмысты Тапсырыс беруші орындауы мүмкін.

69. Мердігер шартта баяндалған барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмыстардың аяқталғаны туралы тапсырыс берушіге хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші жеті күн мерзімнен кешіктірмей шартқа сәйкес жұмыстардың аяқталуын бағалау жөніндегі комиссияны (жұмыс комиссиясы) тағайындайды.

70. Жұмыс комиссиясы мердігердің қатысуымен өткізіледі.

71. Жұмыс комиссиясы актісінің күні жұмыстар аяқталған күн болып саналады.

72. Жұмыс комиссиясы кемшіліктердің тізбесін жасайды және оларды жою мерзімін көрсетеді. Кемшіліктерді жою күні шарттың аяқталған күні болып саналады. Барлық кемшіліктерді жою фактісі объектіні пайдалануға түпкілікті қабылдау актісімен (Мемлекеттік комиссия актісімен) анықталады.

73. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, өнім берушінің тарапынан шарт бойынша жұмыстарды орындау не орындалған жұмыстар бойынша кемшіліктерді жою жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тапсырыс беруші шарт шеңберіндегі өзінің басқа да құқықтарына нұқсан келтірмей, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өнім беруші міндеттемені орындамағанда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде не мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісінше орындамаған міндеттеменің 0,1 %-ы мөлшерінде өндіріп алады.

74. Осы шарттың күшіне енетін күні жұмыстардың басталған мерзімі болып саналады (не осы күн шартта айқындалады).

75. Мердігер осы шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін жұмыстар басталғаннан кейін күнтізбелік (күн санын көрсету керек) күннен кешіктірмей аяқтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Бұл ретте мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жұмыстарды орындаудың ең аз мерзімі кемінде күнтізбелік он бес күн.

76. Өнім беруші (мердігер) конкурстық өтінімге сәйкес жергілікті қамтуды (ол бар болса) қамтамасыз етуге міндеттенеді\*.

\*Ескертпе: осы норма мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар өткізген кезде қолданылады.

77. Тапсырыс беруші осы шарт бойынша орындалған көлем үшін осы шартта айтылған соманы төлеуге міндеттенеді.

78. Мердігер орындаған жұмыстардың сомасынан ай сайын (немесе басқа кезеңді көрсету керек) тапсырыс беруші орындалған жұмыстар құнының 5 %-ын ұстап қалады, бұл мердігерге барлық жұмыстар орындалғаннан және кемшіліктер мен ақаулар тізбесі жойылғаннан кейін төленеді (бұдан әрі - түпкілікті ақы төлеу).

79. Осы шарт бойынша мердігерге түпкілікті ақы төлеуді тапсырыс беруші мердігер осы шарт бойынша міндеттемелерді және ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындағанда жүргізеді.

80. Осы шартта тапсырыс беруші мен мердігер белгіленген тәртіппен келіскен өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

81. Мердігер конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті (егер осындай қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделсе).

82. Осы шарт тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) тіркегеннен кейін және өнім беруші Қағидалардың 121-тармағында көрсетілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

83. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші Өнім беруші

\_\_\_\_\_

(толық атауы) (толық атауы)

\_\_\_\_\_

(мекенжайы) (мекенжайы)

\_\_\_\_\_

(телефоны, факсі) (телефоны, факсы)

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болса)) (Т.А.Ә. (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(қолы) (қолы)

\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

М.О. М.О

Аумақтық қазынашылық органында тіркелген күні (мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін): \_\_\_\_\_

Осы Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт Тапсырыс берушінің жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы процесінде Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы шартты пайдалана отырып, Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде өзінің жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартының түпкілікті жобасын әзірлейді. Бұл ретте осы шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасына, Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуға тиіс. Осы шартта курсивпен бөліп көрсетілген түсіндірулерді Тапсырыс беруші толтыруға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 953 қаулысына  
4-қосымша  
Ерекше тәртіпті қолдана  
отырып, мемлекеттік сатып  
алуды жүзеге асыру  
қағидаларына  
6-қосымша

### **Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт**

\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(орналасқан жері)

Бұдан әрі тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

—  
(тапсырыс берушінің толық атауы) атынан

—  
(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бір тараптан және

бұдан әрі өнім беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

(өнім беруші - конкурс жеңімпазының толық атауы)

атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Жарғының, Ереженің және т.б.)

\_\_\_\_\_  
екінші тараптан (уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ өткен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(конкурс, баға ұсыныстары, бір көзден алу тәсілімен) мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші тапсырыс берушіге мөлшері (соманы цифрмен және жазбаша көрсету керек) сомаға (бұдан әрі – шарттың бағасы) қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

Бұл ретте ҚҚС сомасы (соманы цифрмен және жазбаша көрсету), акциз сомасы (сома цифрмен және жазбаша көрсету керек) құрайды.

2. Осы шартта төменде келтірілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) шарт – тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) шарттың бағасы – шарт шеңберінде өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін өнім берушіге тапсырыс беруші төлеуге тиіс сома;

3) көрсетілетін қызметтер – тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

4) тапсырыс беруші – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

5) өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, онымен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта тапсырыс берушінің контрагенті



ретінде әрекет ететін заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

3. Төменде тізбеленген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің тізбесі;
- 3) техникалық ерекшелік.

4. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізеді. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) тапсырыс берушінің банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілді ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін;

3) Заңның 43-бабы 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын таңдайды.

5. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақша жарнасына тұтастай не бір бөлігіне талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны тапсырыс берушінің Заңда көзделмеген мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

6. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындармен бір қаржы жылынан асатын мерзімге мемлекеттік сатып алу туралы шарт мынадай:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен басқа да әскери құралымдарының жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді. Мұндай мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылу мерзімі үш жылдан аспайды;

2) көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда бір қаржы жылынан асатын мерзімге сатып алғанда.

Бұл ретте жоғарыда көзделген жағдайларда қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан астам мұндай мемлекеттік сатып алу туралы шартты бәсекелестік негізде жүргізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша белгіленген өнім берушілермен ғана жасасуға жол беріледі.

7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар басқару органдары немесе

көрсетілген тұлғалардың жоғары органдары бекіткен даму жоспарында ( бизнес-жоспарда) белгіленген, мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылында ( жылдарында) аяқталатын іс-шараны орындау үшін қажетті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт жасасуы мүмкін.

8. Жылдық қаржылық есептілік аудиті бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

9. Өнім беруші қызметті көрсетуге, ал тапсырыс беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өнім берушінің конкурстық өтінімі мен тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына сәйкес сан мен сапада көрсетілген қызметті қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді. Ақы төлеу нысаны \_\_\_\_\_ (аударым, қолма қол есеп айырысу және т.б.)

10. Төлеу мерзімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мысал: қызметтер межелі пунктте көрсетілгеннен кейін % немесе алдын ала төлеу немесе т.б).

11. Төлеу алдындағы қажетті құжаттар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (шот-фактура немесе қабылдап алу-беру актісі немесе т.б.)

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу талаптарын көздейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өткізілген мемлекеттік сатып алу шарттарының мазмұнын және (немесе) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысын өзгертетін өзгерістерді Заңның 45-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

12. Осы шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

13. Өнім беруші шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ тапсырыс беруші немесе осы шартты орындау үшін өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар берген техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды, модельдерді, үлгілерді немесе ақпаратты тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз ешкімге ашпайды

Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

14. Өнім беруші қандай да бір жоғарыда келтірілген құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатқа пайдаланбайды.

15. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың ешқайсысы өнім берушіні осы шарт бойынша кепілдіктерден немесе басқа да міндеттемелерден босатпайды.

16. Осы шарт шеңберінде өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген қызметтерді көрсетеді.

17. Тапсырыс берушінің шартта көрсеткен бағалары өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде көрсеткен бағаларға сәйкес болуға тиіс.

18. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, шарттың құжаттарына ешқандай (сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер тиеу, орау әдістері, жеткізілетін орны немесе өнім беруші көрсететін қызметтер және т.б.) ауытқуларға немесе өзгерістерге жол берілмейді.

19. Егер кез келген өзгеріс өнім берушіге шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкеп соғатын болса, шарттың бағасы немесе жеткізу кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал шартқа тиісті түзетулер енгізіледі.

Осы бап шеңберінде түзету жүргізуге өнім берушінің барлық сұрау салулары тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкімді өнім беруші алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде берілуге тиіс.

20. Өнім беруші қандай да болмасын біреуге осы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз толық та, ішінара да бермейді.

21. Егер бұл конкурстық өтінімнің құжаттарында айтылған болса, өнім беруші тапсырыс берушіге осы шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмесін береді.

Қосалқы мердігерлердің болуы өнім берушіні шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

22. Қызметтерді көрсетуді өнім беруші кестеге сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

23. Өнім беруші тарапынан қызметтерді көрсетудің орындалуын кідірту оған жүктелетін мынадай санкцияларға әкеп соқтыруы мүмкін:

шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қала отырып, тапсырыс берушінің шартты бұзуы не уақтылы жеткізбегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеу.

24. Форс-мажор мән-жайларын қоспағанда, шарт бойынша қызметтерді көрсету жөніндегі міндеттемелердің өнім беруші тарапынан орындалмағаны не тиісінше орындалмағаны үшін тапсырыс беруші шарт шеңберіндегі өзінің басқа да құқықтарына нұқсан келтірмей, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өнім беруші міндеттемені орындамағанда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде не мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісінше орындалмаған міндеттеменің 0,1 %-ы мөлшерінде өндіріп алады.

25. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін басқа қандай да бір санкцияларға нұқсан келтірмей, өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, тапсырыс беруші:

а) егер өнім беруші көрсетілетін қызметтердің бір бөлігін немесе бәрін шартта көзделген мерзім(дер)де немесе тапсырыс беруші берген осы шартты ұзарту кезеңі ішінде көрсете алмаса;

б) егер өнім беруші шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемесін орындай алмаса, осы шартты толық немесе ішінара бұза алады.

26. Егер шарттың орындалуын кешіктіру форс-мажор мән-жайларының салдары болып табылса, өнім беруші өзінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеу немесе оны бұзу үшін жауапты болмайды.

27. Осы шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" өнім берушінің тарапынан бақыланбайтын, өнім берушінің қателігі немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді.

Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе зілзала апаттары, індет, карантин, тауарды жеткізуге эмбарго сияқты әрекеттерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

28. Форс-мажор мән-жайлары орын алған кезде өнім беруші тапсырыс берушіге мұндай мән-жайлар мен олардың себептері туралы тез арада жазбаша хабарлама жібереді.

Егер тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, бұл қаншалықты орынды болуына қарай өнім беруші шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және шартты орындаудың форс-мажор мән-жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

29. Егер өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, тапсырыс беруші шартты кез келген уақытта бұза алады.

Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және егер шарттың бұзылуы залал келтірмесе немесе тапсырыс берушінің іс-қимылдар жасауға қандай да бір құқықтарын немесе оған қойылған немесе кейіннен қойылуы мүмкін санкцияларды қолдануды қозғамауы шартымен, тапсырыс беруші өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндетті көтермейді.

30. Заңның 5-бабының 13-тармағына сәйкес шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына орай тапсырыс беруші өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оны кез келген уақытта бұза алады.

Хабарламада шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шарттың бұзылуы күшіне енген күн баяндалады.

31. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты күшін жойған кезде Өнім беруші шарт бұзылған күнге оны бұзуға байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етеді.

32. Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы өнім берушіге Заңда көзделмеген жәрдем көрсеткен жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

Өнім берушінің осы негіздер бойынша шарттың бұзылуына байланысты болған шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

33. Тапсырыс беруші мен өнім беруші өздерінің арасында шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге бар күш-жігерін жұмсауға тиіс.

34. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

35. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу талаптарын қамтиды.

36. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалғанда мемлекеттік сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынған нысанда ресімдеуге жол беріледі.

37. Шарт қазақ және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шартты төрелікте қарау қажет болғанда шарттың қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Шартқа қатысты барлық хат алмасу және тараптар алмасатын басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес болуға тиіс.

38. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

39. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жөнелтіледі.

40. Хабарлама мына күндердің қайсысы кешірек басталатынына қарай, жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

41. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

42. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізуге міндетті.

43. Осы шартта тапсырыс берушімен және өнім берушімен белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

44. Осы шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) тіркегеннен кейін және өнім беруші Қағидалардың 121-тармағында көрсетілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

45. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тараптардың деректемелері:

Тапсырыс беруші: Тапсырыс берушінің толық атауы > <Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы> Тапсырыс берушінің БСН <БСН> Тапсырыс берушінің БСК <БСК> Тапсырыс берушінің ЖСК <ЖСК> <Банктің атауы> Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны> <Тапсырыс берушінің лауазымы> <Тапсырыс берушінің Т.А.Ә. (бар болса)>	Өнім беруші: < <Өнім берушінің толық атауы> <Өнім берушінің толық заңды мекенжайы> БСН/ЖСН/ТЕН <Өнім берушінің БСН/ЖСН/ТЕН> Өнім берушінің БСК <БСК> Өнім берушінің ЖСК <ЖСК> <Банктің атауы> <Өнім берушінің телефоны> <Өнім берушінің лауазымы> <Өнім берушінің Т.А.Ә. (бар болса)>
---	---

Аумақтық қазынашылық органында тіркелген күні (мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін): \_\_\_\_\_

Осы Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт тапсырыс берушінің тауарларды/көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы процесінде тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Осы шартты пайдалана отырып, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде, өзінің тауарларды/көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартының түпкілікті жобасын әзірлейді.

Бұл ретте осы шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасына, тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуға тиіс. Осы шартта курсивпен бөліп көрсетілген түсіндірулерді тапсырыс беруші толтыруға тиіс.

Ерекше тәртіпті қолдана  
отырып, мемлекеттік сатып  
алуды жүзеге асыру  
қағидаларына  
14-қосымша

### Көрсетілетін қызметтердің өнім берушісін таңдау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Балдар		Растаушы құжат
1	2	3	4	5
1.	Қызметтер көрсетілетін жерде* ет өнімдерін өндірудің және/ немесе қайта өңдеудің бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жеке меншікте - 3 балл	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>.</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>3. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>
				<p>1. Қазақстан Республикасы әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).</p> <p>2. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>.</p> <p>3. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан</p>

			жалға алынған - 1 балл	<p>Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>4. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>
			жеке меншікте - 3 балл	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>3. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>
2.	Қызметтер көрсетілетін жерде* сүт өнімдерін өндірудің және/	жоқ (0 балл)		1. Қазақстан Республикасының әділет органдарында



	<p>немесе қайта өңдеудің бар-жоғы</p>		<p>жалға алынған - 1 балл</p>	<p>тіркелген жалға беру шарты (көшірме). 2. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) . 3. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама. 4. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>
			<p>жеке меншікте - 3 балл</p>	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) 2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама. 3. Нормада қолданылатын</p>

3.	Қызмет көрсетілетін жерде* нан-тоқаш өнімдері өндірісінің бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жалға алынған - 1 балл	өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.
				<p>1. ҚР әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).</p> <p>2. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>3. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>4. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>
4.	Өзінің жеміс-көкөніс өнімдерін өсіру немесе жеміс-көкөніс өнімдерін өсіретін отандық өндірушімен келісімшарттардың бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жеке меншікте - 3 балл	1. 29-СХ есептің статистикалық нысаны немесе өткен жылғы А-005 нысаны
			жалға алынған - 1 балл	1. Отандық өндірушімен жасасқан шарт (көшірме). 2. 29-СХ есептің статистикалық нысаны немесе отандық өндірушілердің өткен жылғы А-005 нысаны

5.	Өзінің ірі қара мал өсіруі немесе отандық ірі қара мал өндірушілермен келісімшарттардың бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жеке меншікте - 3 балл	1. 29-СХ есептің статистикалық нысаны немесе өткен жылғы А-008 нысаны
			жалға алынған - 1 балл	1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) . 2. 24-СХ есептің статистикалық нысаны немесе отандық өндірушілердің өткен жылғы А-008 нысаны
6.	Көкөніс қоймаларының бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жеке меншікте - 3 балл	1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) . 2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.
			шарт бар - 1 балл	1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) . 2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы

			ның талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама. 3. ҚР әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).
7.	Азық-түлік сақтауға арналған қойма үй-жайларының бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жеке меншікте - 3 балл
			Шарт бар - 1 балл
			1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) . 2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.
			1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) . 2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын

				<p>мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>3. ҚР әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).</p>
8.	<p>Бөлімшелер орналасқан орындарда қоғамдық тамақтандыру объектісінің бар-жоғы (ҚР ҰҚК Шекара қызметінің бөлімшелері үшін ғана қолданылады)</p>	<p>жоқ (0 балл)</p>	<p>(меншігінде бар - 3 балл; жалға алған - 1 балл) бар</p>	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>.</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>3. ҚР әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).</p>
9.	<p>Әлеуетті өнім берушінің тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында, қызмет көрсету орны бойынша аумақтық әділет органында тіркелуінің бар-жоғы</p>	<p>жоқ (0 балл)</p>	<p>(3 балл) бар</p>	<p>Заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік және жеке куәліктің көшірмесі (жеке тұлға үшін). Бұл ретте дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар болуы туралы ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған жағдайда <a href="http://www.kgd.gov.kz">www.kgd.gov.kz</a> сайтындағы "Электрондық сервис/салық</p>

				төлеушілерді іздеу" қосымша парағынан алады.
10.	Ұқсас қызметтерді көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесі	жоқ (0 балл)	Бар (әрбір жұмыс істеген жылға 0,5 балдан, бірақ 5 балдан артық емес)	1. Көрсетілген қызметтер актісі (әрбір жыл үшін) (көшірме). 2. Шот-фактура (әрбір жыл үшін) (көшірме).

Ескертпе:

\* Қызметтер көрсетілетін жер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) аумағы шегінде айқындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК